

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2017 ж. « 05 » ай заңды
Тұлға мемлекеттік тіркуден қайта өткізілді
№ 23354-1910-МК куәлік
Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. « 15 » 02
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫҚСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕПИСИЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА 02.17.02.17
свидетельство № 23354-1910-БП
Дата первичной регистрации « 15 » 02 1999 г.
БСН/БИН 990240006872

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитеті Төрағасының
2017 жылғы « 7 » қаңтар
№ 249 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 809 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі - Жарғы) 1-бөлімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Кәсіпорынның атауы:

толық :

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде - Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр крови» Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде - ҚР ДСМ «РҚО» ШЖҚ РМК;

орыс тілінде - РГП на ПХВ «РЦК» МЗ РК.».

2. Жарғының 4-бөлімінде 21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Директорды тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.».

Директор Д.С. Бекиров

